

**Асылбек А.М.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогикалық факультет.  
МДОиВ-51 тобы, магистрант  
(*Ғылыми жетекші — п.ғ.к., доцент Бельгибаева Г. К.*)

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ДАМУЫ

**Аннотация:** Мақалада мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде эмоционалды интеллектіні дамыту, қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі бала немесе жасөспірім бала болсын, қиын кезеңдерді бастан өткеруде, сәйкесінше бұл ата-аналарына да үлкен әсер береді. Соңғы бір-екі он жылдықта балалардың өмірінде үлкен өзгерістер болды, бұл олардың ата-аналарына қосымша талаптар қоятын рухани құндылықтар мен сезімдерді дұрыс қалыптастыру дағдыларын үйренуді қиындатты. Ата-аналар балаларына эмоционалды және әлеуметтік өмір негіздерін үйретудің тиімді жолдары туралы білуі қажет.

**Кілт сөздер:** бала тәрбиесі, эмоционалды интеллект, эмоционалды коучинг, эмоциялық сезімдер, эмпатия, өзін-өзі бағалау.

Бала тәрбиесі – өте ауқымды тақырып. Алайда, эмоционалды тәрбие дәл қазіргі уақыттағыдай ауқымды болған емес. Статистикаға сүйенер болсақ, соңғы бірнеше онжылдықта жасөспірімдер арасындағы суицид саны үш есе, зорлық-зомбылық көрсеткіші екі есе өсті. Бұл сандардың артында қоғамның жалпы эмоционалды денсаулығы тұр. Орта есеппен балалардың жағдайы көбіне шыдамсыздық, ашуланшақтық, қырсықтық, өзін жалғыз сезіну, тәртіпсіздік секілді қасиеттермен негізделіп жүр. Мұндай құлдырау біздің қоғамда болған елеулі өзгерістердің нәтижесі болып табылады.

Эмоционалды даму негіздерін үйрену мүмкіндігінің болмауы жағымсыз салдарға әкеледі. Эмоционалды интеллектіні қалыптастыру, дамытудың ең оңтайлы кезеңі – баланың мектеп жасына дейінгі шағы. Дэниел Гулман ата-аналары эмоционалды тәрбиемен айналысқан балаларды «эмоционалды дамыған» тұлғалар деп атады. Эмоционалды дамыған балалар тыныштандыруға жауап беретін физиологиялық реакциялардың жоғары тиімділігіне байланысты жұқпалы аурулардан аз зардап шегеді, зейіні тұрақты, әрі жоғары концентрацияға қабілетті болады. Жасөспірімдік шақта қиындыққа тап болғанда немесе әлеуметтік жағдайларда да, шамадан тыс қиын кедергілерге ұшырағанда да басқа балалармен жақсы қарым-қатынаста бола алатын болады. Эмоционалды тәрбие – бұл эмоционалды байланыс орнатуға мүмкіндік беретін әрекеттер тізбегі. [1, б. 25] Балаларды сәтті тәрбиелеудің кілті күрделі теорияларда, отбасылық ережелерде немесе мінез-құлықтың шатастыратын формулаларында емес, эмпатия мен түсіну арқылы көрінетін балаға деген сүйіспеншіліктің терең сезімін іздеу керек. Жақсы тәрбие біздің жүрегімізден бастау алады және біздің балаларымыздың жағымсыз эмоцияларды бастан кешіретін сәттерде жалғасады, мысалы, ренжу, ашулану, қорқыныш.

Баланың эмоционалды тәрбиесі әдеттегі тәрбиеден несімен ерекшеленеді? Эмоционалды көшбасшылық тәжірибесі бар балалар эмоционалды дені сау болады, жағымсыздықтан гөрі (негатив) жағымды сезімдерді (позитив) көбірек сезінеді. Баланың эмоционалды тәрбиесімен айналысқан ата-ана жоғары деңгейге жетеді. Әрине, балалары ашулану, қайғыру, ренжу секілді сезімдерді бастан өткереді, бірақ тез тынышталады, қайта қалпына келеді, жұмысын нәтижелі жалғастырады. Басқаша айтқанда, мұндай балаларда эмоционалды интеллект жоғары болады.

Эмоционалды интеллектісі дамымаған, эмоционалды қолдау көрмеген балалар қандай кедергілерге ұшырайды? Ең бірінші себеп, баланың тәрбиешісі баланың тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер етеді. Бұл тұста тәрбиеші деп жалпы бала тәрбиесіне ат салысатын барлық тұлғаларды жатқызамыз. Алайда, балаға ең жақыны, көбірек әсер беруші – ата-ана. Ата-аналардың төрт түрі кездеседі: қабылдамаушы ата-аналар, сын тағушы ата-аналар, немқұрайлы қараушы ата-аналар, эмоционалды тәрбиелеуші. [2, б.118] Берілген әрбір ата-ананың түрлеріне қысқаша тоқталып өтейік:

Қабылдамаушы, қабылдағысы келмейтін ата-аналар – баланың сезімін маңызды емес деп санаушылар. Баланың сезімін елемейді, қызықпайды. Балалардың сезімдерін иррационалды деп санағандықтан, баланың ойымен санаспайды.

Сын тағушы, айыптаушы ата-аналар – сөгіс жасайды, қатандық танытады, баланың өзін қалай ұстайтынына қарамастан, эмоцияны білдіргені үшін жазалайды.

Немқұрайлы қарайтын ата-аналар – өзін қалай ұстау керектігі туралы аз айтады, балаға эмоцияларымен күресуге көмектеспейді. Балаларға мәселелерді шешу жолдарын үйретпейді.

Эмоционалды тәрбиеші – баланың жағымсыз эмоцияларын жақындасу мүмкіндігі ретінде қарастырады. Ол өзін ашулы, қайғылы, ренжулі баланың жанында өзін қалыпты ұстайды. Эмоциялар оны ашуландырмайды.

Сезімдері еленбеген, жиі сын естіп өскен, өзін біреумен салыстыратындығын сезінетін баладан өскенінде қандай тұлғалық қасиет күтуге болады? Мұндай балалардың өсе келе өзін-өзі бағалауы төмен болады, эмоциясын дұрыс қолдана алмайтын, өзіндік жеке ойы жоқ адам болатынын білеміз. Бүгінгі таңда да ересектер арасында өзін бағаламайтын, өмірде кездесетін қиындықтарды өзгелерден көретін, жауапкершіліктен қорқатын адамдарды кездестіріп жатамыз. Оның барлығы балалық емделмей қалып кеткен травмалардан болып жатады. Осы себепті де болашағымыздың тұғыры жас ұрпақтың ешбір травмасыз, өзін-өзі бағалауы жоғары, саналы, эмоционалды дамыған ұрпақ болып қалыптасуы біздің мақаламыздың өзектілігі еді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды эмоционалды дамыту сатылары:

- Баланың эмоциясын қабылдау;
- Баланың эмоцияларын жақын қарым-қатынас құру мен үйрету мүмкіншілігі ретінде қарастыру.
- Эмпатиямен тыңдап, эмоцияны айқындау.
- Балаға эмоцияларын дұрыс сөздермен белгілеуге көмектесу.

Эмпатия дегеніміз не? Эмпатия – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну, жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қайғы-қасіреті мен қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі. [4, б. 128] Өз эмоцияларын басқара алатын ата-аналар, тәрбиешілер өздерінің сезімталдығын балалардың сезімдерін реттеу үшін қолдана алады. Алайда, балалардың сезімдерін оңай түсіну әрдайым мүмкін болмайтындығына дайын болу керек. Балалар көбінесе эмоцияларды жанама түрде білдіреді, бұл ересектерге әрдайым түсінікті емес. Егер біз оларды мұқият және шын жүреппен тыңдасақ, онда балалар бейсаналық түрде ойындарда және күнделікті мінез-құлықта жасыратын хабарларды жеңіл шеше алатын боламыз. Ересектер бола отырып, балалардың қаншалықты әлсіз екенін ұмытып кету оңай. Егер де әлемге олардың көзімен қарар болсақ, онда қоғамның оларға мойынсұнуға, бірлесіп жұмыс жасауға қаншалықты көңіл бөлетінін көреміз. Мектепке дейінгі балалардың көпшілігі күнделікті өмірін басқара алмайды. Мектепке дейінгі балалардың эмоционалды интеллектілерін дамыту арқылы баланың өзге адамдар сезімін ескере отырып, болашақта тууы ықтимал шиеленістің алдын алуға деген дайындықтың болуын қамтамасыз етуге болады.

Балаға таңдау жасауға мүмкіндік бере отырып, біз оған жауапкершілік сезімін оятып қана қоймай, сонымен қатар оның өзін-өзі бағалауын арттыруға көмектесеміз. Ата-анасы үнемі таңдауын шектейтін бала мынадай сигналдар алады: «Сен кішкентайсың, әрі сенің тілектерің маңызды емес». Мұндай бала мойынсұнғыш болып келеді, өзінің «мен» сезімі дамымаған күйінде қалады. [3, б. 177]

Баламен ойындарда жанды әрі эмоционалды болу қажет. Баламен ойнар кезде жұмсақ, ырғақты қозғалыстар жасау керек. Әрі бала әрекеттерді бақылап, іштей «қазір ойын басталады, оны былай бастау қажет» деген секілді оймен қабылдау процесі жүреді. Осындай ырғақты, көңілді ойын ойнау арқылы баламен эмоционалды қарым-қатынас құра алатын боламыз. Эмоционалды қарым-қатынас берік орнаған уақытта ғана бала эмоционалды дамитын болады.

Тиімді эмоционалды тәрбиеші бола білу үшін үнемі шыдамдылық таныту қажет, баланың сезімдерін білдіруге жеткілікті уақыт берген жөн. Эмоционалды тәрбиенің мақсаты – эмоцияларды басу емес, оларды түсіну.

Баланың толыққанды үйлесімді өсуіне, болашақта кемелденген тұлғалар қатарына жатуына эмоционалды интеллектінің тигізер әсері өте жоғары. Эмоционалды интеллект дәрежесі жоғары ата-аналар өз тарапынан отбасылық өзара түсінушіліктің барынша үйлесімді болуын қамтамасыз етсе, олардың балаларындағы эмоциялық интеллектінің де дамуы байқалады. Мұндай отбасында өмір сүретін адамдар бір-бірінің көңіл-күйлеріне өте сезімталдықпен қарап, отбасындағы эмоциялық мәселелерді дер кезінде талқылап, шешіп отырады. Қарапайым мысал, қажетінде бір-бірлерінен кешірім сұрап, көңіл-күйлерін анықтап жатады.

Ата-ананың эмоциялық мәселелерді талқылауы, баладағы өзіндік эмоцияны түсінуі мен өзіндік реттеуінің дамуына себепкер бола алады. Әр отбасындағы «ашылып сөйлесудің» жиілігі мен мағынасы әртүрлі болады. Осының өзінде сандық сипаттағы жағдайдың сапалыққа ауысуында айқын

көрінетін тенденция байқалады: ана қаншалықты көп өз балаларымен әрқандай сипаттағы эмоциялық күйлерді талқылайтын болса, алты жасқа келгенде мұндай ананың балалары тіпті бөтен ересектер тарапынан болатын әртүрлі эмоциялық күйлерге бейімделген болады. Сонымен, эмоциялық сәтті отбасындағы бала тәрбиесінің орталық ден қоятын факторы баланың мінез-құлқына, жүріс-тұрысына қарағанда эмоциялық күйіне көбірек мән береді. Алғаш рет «эмоциялық интеллект» сөз тіркесі 1990 жылы ғылыми мақалада жарық көрген болатын. Аталмыш тақырыппен көбіне шетел психологтары ғана айналысты. Эмоциялық интеллект термині әлеуметтік интеллект сөзінен алынған. Эмоционалды даму, эмоционалды интеллект атты тақырыпты көптеген ғалымдар зерттеген. Атап айтар болсақ, Эдуард Торндайк, Джон Гилфорд, Джон Готтман, Ресей психологтарынан О.Марютин, А.С.Степанова, Қазақстандық психологтардан Е.Ертайұлы, Е.Мырзабаев. Эмоциялық интеллект – эмоцияда көрінетін тұлғаны қабылдау қабілеті, эмоцияны интеллектуалды процестер негізінде басқара алу. Жалпы эмоционалды интеллект – бұл ақыл мен танымға қарама-қарсы емес, керісінше бұл екі үрдістің көркем үйлесуі.

Эмоционалды интеллектіні зерттеу жұмыстары қашан қолға алына бастады? 1997 жылдан бастап зерттеулер басталды. Арнайы семинарлар жүргізіле бастады. Эмоционалды интеллет дәрежесі жоғары тұлғалар өзгенің эмоциясын түсінетін, эмпатияға бейім тұратын, қарым-қатынас барысында жеке эмоциясын басқара алатын болғандықтан қоғамда бейімделгендіктен және өз мақсат-мұраттарына жете алатын тұлға ретінде көрінеді.

Джон Готтман мен Джоан Деклер «Баланың эмоционалды интеллектісінің дамуы» атты кітабында эмоционалды интеллект стратегияларын зерттеп, қарастырған. Түрлі өмірлік ситуациялармен мысалдар келтіріп, баланы эмоционалды тәуелсіз етіп, тәрбиелеп өсіруге болатынды қарастырылған. [6, б.129] Жалпы, әрбір ата-ана, тәрбиеші, кез келген бала тәрбиесімен айналысушы тұлға ең алдымен, бала тәрбиесі туралы білімге ие болуы қажет. Осы стратегияларға қысқаша тоқталып өтейік. Олар:

- Баланың көңіл-күйін және оның мінез-құлқының себептерін жақсы түсіну;
- Баланың эмоциясын тану және басқару;
- Баланың жағымсыз эмоцияларын онымен берік қарым-қатынасты сақтау қолдану;
- Эмпатия таныту;
- Баламен оның дамуының барлық кезеңдерінде тығыз қарым-қатынасты сақтауға негіз қалау;
- Сезімдерді балаға түсінікті тілде талқылау;
- Баланы жағымсыз сезімдермен, қиын жағдайлармен, мәселелермен күресуге үйрету.

Жақсы тәрбие қарапайым интеллектуалды нұсқаулықтан гөрі көп нәрсені қажет етеді. Бұл ата-аналардың соңғы жиырма жыл ішінде алған ұсыныстарының көпшілігін ескермейтін жеке қасиеттеріне әсер етеді. Жақсы тәрбие эмоцияларға әсер етуді қамтиды.

Қорытындылай келе, бала тәрбиесінде эмоционалды интеллектіні дамыту тұлға арлаық өзара қатынасты оңтандыру және өмірдің әркілы жағдайында дайын әрі бейімделу үшін, позитивті оң әрекет ету үшін маңызды факторлар қатарына жатады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Готтман Д., Деклер Д. Эмоциональный интеллект ребенка/ Практическое руководство для родителей. – Москва, 2020.
2. Нгуен М.А. Психологические предпосылки возникновения эмоционального интеллекта в старшем дошкольном возрасте // Культурно-историческая психология. – – №3. – С. 46-51.
3. Смирнова Е.О., Холмогорова В.М. Межличностные отношения дошкольников: диагностика, проблемы, коррекция. – М.: Гуманитарн. изд. Центр ВЛАДОС, 2005. – 158 с.
4. Нгуен М.А. Развитие эмоционального интеллекта // Ребенок в детском саду. – – № 5.– С. 80-87.
5. Орме Г. Эмоциональное мышление как инструмент достижения успеха. – М.: КСП+, 5 Либин А.В. Дифференциальная психология: На пересечении европейских, российских и американских традиций. – М.: Смысл; PerSe, 2000.
6. Goleman D. Emotional intelligence. – Y.: Bantam Books, 1995.